

ӘОЖ 373.24**К.А. Каримова**

КММ «Үміт» балалар үйі (Екібастұз қ.)

Ж.К. Даниярова, педагогика ғылымдарының кандидаты

Инновациялық Еуразия университеті (Павлодар қ.)

E-mail: kasik-95@mail.ru

Қазақтың дәстүрлі тоқыма өнері арқылы оқушылардың рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру

Аңдатпа. Берілген мақалада жас ұрпақ тәрбиесіндегі рухани-өнегелік құндылықтарды тоқыма өнері арқылы қалыптастыру мәселесі жан-жақты қозғалды. Оқушылардың рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыру жолдары көрсетілді.

Түйінді сөздер: рухани-өнегелік құндылықтар, жас ұрпақ тәрбиесі, тоқыма өнері, ұлттық мәдениет.

«Өресі биік, өрісі кең өнер атаулының қай саласы болсы, жер жүзіндегі басқа да халықтар сияқты қазақ халқы да өзінің көне замандардан бері келе жатқан тамаша тарихымен қоса бір өзіне ғана тән қайталанбастай ерекшелігімен көзге түседі» [1].

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясында алға міндет етіп қойған ішкі және сыртқы саясатының аса маңызды 30 бағытының бірі – мәдени мұра бағдарламасы аясындағы халықтың мәдени құндылықтары мен дәстүрін дамыту. Осы бағытты ескере отырып көнере бастаған қолөнерді бүгінгі күнде өз кәдемізге жаратып, қолданудың маңызы өте зор. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарында заман талабы туындатқан жасөспірімдердің рухани тәрбиесін жүргізетін жаңа педагогикалық технологияны меңгерген мұғалімдер дайындау талабы алға тартылуда. Сол міндеттердің бірі – кілем өнерінің тәрбиелік мүмкіндіктерін пайдалану арқылы, оқушылардың ұлттық санасы мен сезімін жаңғыртуға, тәрбиелеуге студенттерді дайындау мәселесі. Ұрпақтарымызды ұлттық санамен тәрбиелеу қазақ халқы өрлеуінің қайнар көзі болып табылады. Ұлттық сезім – адамдардың туған елге, өскен жерге, ана тілге, ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігі. Ұлттық сана мен ұлттық сезім, психологиялық құрылымның негізгі компоненті, ол салт-дәстүрлер этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі, этникалық тәрбиемен қоса патриоттық тәрбиенің құралы деген пікірдемін [2]. Қас батыр, қазақ халқының табиғаты мен болмысын жетік білген жазушы Бауыржан Момышұлының шетелдік журналистке берген сұхбатында өзіне қойылған: «Қазақ халқының саз өнерінде нота болды ма?» деген сауалға былай деп жауап берген екен: «Болды деп есептеймін. Мынаны қараңызшы! Менің бала кезімде өрмек тоқып, киізге түр салып отыратын әжем мен анам үнемі ән салып отыратын, ал, әлгі жұмысын тоқтатса, ән де тоқтайтын. Осыған қарап, мен «олар әнді ою-өрнекке қарап салған» деп ойлаймын». Расында да, біздің ата-бабамыз ән салуды да, ою-өрнекті де, қолөнерді де табиғат сұлулығымен ұштастырған [3].

Қазақ халқымыздың қолөнері - сонау ықылым заман тарихымен бірге өсіп, біте қайнап жатқан өте бай қазына болып есептеледі. Қазақ халқының қолөнері деп халық тұрмысында жиі қолданылатын өру, тоқу, тігу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық жиынтығын айтады. Қолөнер – ұрпақтан ұрпаққа ауысып, тамырын тереңге жайып келе жатқан халық мұрасы. Қазақтың ұлттық қоланбалы өнер тарихы көшпелі өмірдің салт-дәстүрімен тығыз байланысты. Халық шеберлері ұлттық қолөнер мұраларын өмірге әкелді. Атап айтатын болсақ, ісмерлер тоқыма, киіз басу, киім тігу өнерін дамытқан. Қолөнер қашанда заман, өмір ағымымен бірге туындап, дамып отырады. Қазақ қолөнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады.

Қазіргі кезде егеменді елімізде бізге жастарға әсемдік тәрбие беруде ерте заманның мәдени мұрасы айрықша қызмет атқарады. Қазақ халқы кең байтақ республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері ғана емес, сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында қазақ халқының дәстүрлі қолөнері айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді. Жүннен басылған бұйымдардың ішінен кілем, текемет, сырмақ, алаша, тұскиіз, қоржын, т.б. түрлерін атауға болады. Тоқыма өнері де көнеден келе жатқан қолөнердің бір түрі болып табылады. Кілем тоқушы шеберлер қазақтың ұлттық өнеріне өз үлестерін қоса білді. Тоқыма өнерінің түрлері – кілем, алаша, ши тоқу, гобелен өнері жылдан жылға дамып келеді. Дәстүрлі түкті кілем мен кілем тектес тоқыма бұйымдары қазақ арасында жоғары бағаланады, олар киіз үйдің төріне керегелерге ілінеді. Кілемнің көптігі үй иесінің байлық-дәулетінің, дәрежесінің көрсеткіші болып табылған [4]. Кілем тоқуда біріне-бірі сіңісіп жататын көк, сары түсті, басқа да қосымша бояулар тіршіліктің, күннің, аспанның, от пен судың бейнемелік мәнін жеткізеді. Өрмек халық қолөнерінің тоқу үстінде қолданылатын өте қарапайым әдісі, яғни мұны тоқу станогы деседе болады. Күрделі техникасыз, кез келген жағдайда қолданылып, керекті жабдықтары оңай табылатын өрмектің екі түрі бар. Оның біріншісін аспалы немесе термелі өрмек дейді. Ондай өрмекте кілем сияқты тұтас енді заттар тоқылады, екіншісін жай өрмек дейді. Жай өрмек – шекпе, алаша, қап, қоржын, белбеу, терме бау, басқұр сияқты еңсіз нәрселерді тоқуға арналған.

Қазақ халқының кілем өнерінің көркемдік ерекшеліктері Ә. Марғұланның, М. Мұхановтың, Ә. Тәжімұратовтың, С. Қасымановтың еңбектерінде айтылады. Халықтың көркем өнерінің әсемдік тұтынушылық, әлеуметтік мәні туралы тарихшы, этнограф, философ ғалымдар Б. Қазиханова, Ө. Жәнібеков, Б. Байжігітов және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Кілем бұйымдарын оқытуда кілемнің шығу тарихын, кілем түрлерін, кілем түстері мен кілемнің қолданылуын ою-өрнектерінің мән мағынасын, оюлардың жасалудағы сырын, кілемді оқушыларға көркемдік білім беру мен жан-жақты тәрбие беру құралы ретінде қарастыруға жағдай туғызу керек. Кілем бетіне түскен оюлардың өзін арнайы сабақта оқытуға болады. Кілем тарихына келер болсақ сонау сақ дәуірінен бастап кілем өнері дамыған. Кілемге өз дәуірлеріндегі оқиғалармен тұрмыс тіршілігін бейнелейтін, сондай-ақ, кілем бетіндегі оюлар арқылы адамдардың арман тілегін де бейнелеп отырған. Кілемдер тоқылу ерекшелігіне қарай – түкті және тақыр, материалына қарай – жүн, жібек, мақта кендір талшығынан жасалған болып, көлеміне қарай – қос күмбезді, бес күмбезді кілемдер болып, ою-өрнегіне қарай түрліше аталады. Ал осы түксіз кілемдердің бірі – алаша. Алаша – әртүрлі түске боялған мақта, жүн жіптерінен өрмекпен тоқылатын төсеніш мүлік. Оны тоқу қазақ халқының ертеден келе жатқан дәстүрлі колөнерінің бірі. Алаша тоқу өнерін қазіргі кезде қазақтың бірі білсе, бірі біле бермейді. Негізінен алаша тоқу адамды төзімділікке, шыдамдылыққа, топпен жұмыс жасауға үйретеді.

Алаша бүктеуге, жинауға, алып-салуға қолайлы мүлік. Алашаны ұсталатын орнына қарай әрі енді, әрі көлемді етіп жасайды. Өрмекпен тоқылған алашаның ені әдетте 40-45 сантиметрден аспайды. Сондықтан мұның бірнеше кесіндісін біріктіре құрауға тура келеді. Бұл үшін шебер тоқылған материалының ұзына бойы мен енін өлшеп, одан кейін неше бой етіп кесіп, құрау қажеттігін есептейді. Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі бар. Оның біріншісі «су» өрнегі, екіншісі «тіс» өрнек. «Су» өрнегін өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқиды. «Тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрме жүгіртіп тоқиды. Өрмекте мүйіз, өсімдік, геометриялық фигуралар тәрізді күрделі өрнектер тоқу кездеседі. Мұндай тоқуды «терме» деп атайды. Терме тоқудағы ілмектеу, мәймөкелеу жұмыстарының барлығы да есептеп санау арқылы, әрбір ілінген жіп санын ұмытпай есте сақтау арқылы орындалады. Термелеп тоқу әдісі қазақтың өрмек өнерінің ең бір көп тараған және көркем дүниелердің қолайлысы деп саналады. Термелеп тоқу әдісі, әсіресе Қазақстанның оңтүстігінде жақсы дамыған өнер. Кілемдердің тоқылуы да, материалы да, өрнегі де әр түрлі болып келеді. Қазақ колөнершілері тоқу ісіне көбінесе жүннен иірілген жіптерді пайдаланған.

Міне, осындай мәдени мұрасы көне деп қарамай, оны байырғы байлығымыз деп бағалап, халқымыздың тұрмысында тиімді пайдалануымыз керек деп саналған. Қазақтардың дәстүрлі бұйымдарын саралай келе сәндік құрылымында шеберлеріміздің өз шығармашылық табыстары, қиялының жемісімен қатар өзге елдердің мәдени дәстүрлердің аздаған болса да әсері сезіледі. Бұдан бұл бұйымдардың көркемдігі жаңарып, байытылуы көрініс береді. Қазіргі заманның көркем тоқымашылығында көне дәстүрлер мен өзекті ізденістердің қатар жүруі – шеберліктің зияткерлік болмысын барынша айқындап көрсетіп отырады.

Ұлттық мәдениеттің негізі болып табылатын білім беру мен ұлттық тәрбие берудің басты құралдарының бірі ретінде ұлттық өнер айқындалады. Ұлттық өнер – ата – бабаларымыздан келе жатқан, санамызда, рухымызда, болмысымызда өзіндік қолтаңба ретінде қалыптасқан өнер түрі.

Халықтаң рухани-өнегелік, мәдени әлемі оның дәстүрлі өнерінен көрінеді және де тиісті өз орнын алады. Ұлттық өнер, халқымыздың қолданбалы өнерінің ең биік жетістіктерінің бірі. Бүгінгі күнге дейін өмірде пайдаланылып келген ою-өрнектер, сәндік, тоқымашылық, әшекейлік өнерлер талай ұрпақтың ақыл – ойы мен шеберлігінің жемісі. Біздің мақсатымыз, ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан ұлттық өнерімізді ұмытпай, келесі ұрпаққа аманат етіп жеткізу, ұлттық мәдениетте өзіндік орнын көрсету және де мүмкіндігінше қазақ ұлттық колөнерінің өзіне ғана тән құндылықтарын, халықтың мінез-құлқын, жалпы адамзаттар мәдениеттер қатарынан көрсете білу. Осы мақсатқа жету үшін қазақ колөнері арқылы оқушының рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруды теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарастыру қажеттігі туындап отыр [5].

Бүгінгі жағдайда оқушылардың санасында, ой-өрісінде, жалпы азаматтық, адамзаттық рухани құндылықтар мен жоғары адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, оқушы тұлғасының даму барысын психологиялық жан-жақты және үздіксіз зерттеу, оның даралық ерекшеліктерін танып дұрыс бағытта дамыту [6]. Әртүрлі әлеуметтік және моральдық психологиялық жағдайларда – қолдау көрсету және қоғам өмірін ізгілендіру мен демократияландыру жағдайында жаңа азаматты қазақтың ұлттық өнері арқылы қалыптастыру мәселесінің маңыздылығы мен көкейкестілігі күннен күнге артып отыр. Сондықтан, білім беру жүйесін реформалау саясаты ең біріншіден – еңбек, технология, кәсіптік білім беру сияқты өмір талабына қойылатын сұранысқа сәйкес жүргізу, екіншіден – оқу үрдісіндегі білім беру мен ұлттық тәрбие бірлігін сабақтастыра отырып, білімнің үйлесімділігімен қатар, әрбір оқушының дербес ерекшелігін ескеріп, қабілетіне, белсенділігіне сәйкес бағдар ұстау болып отыр. Әр халықтың рухани әлемі, ең алдымен оның дәстүрлі өнерінен көрінетіні мәлім [7]. Сол себепті, Қазақтан Республикамыздың білім беру мен тәрбиелеу саласының түбегейлі жаңаруы жағдайымен бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің негізіне – қазақ халқының ғасырлар бойы жинақталған, уақыт сынынан өтіп, сараланған ұлттық тәлім – тәрбиесінің, ұлттық колөнерінің бай қазынасы, мол тәжірибесі алынып отырғаны мәлім.

Өйткені жастардың ұлттық мәдениеті мен дәстүрлердің негіздерін меңгергенде ғана жалпы адамзаттық мұраларды игеріп дүниеге дұрыс көзқарасы, озық ойлау жүйесі қалыптасатыны анық.

Қорыта келгенде, әжелеріміз алашаны күн демей, түн демей қуанышты, бақытты күн үшін арнайы жасаған. Немересі туылса, өмірі ұзақ болсын, жүре бастағанда, алғашқы қадамы құт алып келсін деген ниеттермен мал жүнінен, мақтаны иіріп, түрлі тұске бояп, ағаштан жасалған өрнектерде тоқыған. Кілем тоқылып жатқан үйде қой сойылып, оның арты бір мереке іспетті болған. Бүкіл ауылдың қыз-келіншектері тәтті ас әзірлеп әкеліп, кілем тоқуға көмектескен. Бұдан көретініміз, қазақ халқының қандай ұйымшыл, ұлшыл, ұлттық рухы мен ұлттық санасының биік екені. Осындай дана халықтың ұрпағы бола тұра неге бізге, ұлттық рухпен сана-сезімді жандандырмасқа, жаңартпасқа.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Азақтың ұлттық қыз ұзату көйлегінің моделін дайындауда, көйлекті әшекейлеудің сатыларын зеттеу // Кіру режимі: <http://freepapers.ru/16/zhoary-synyp-oushylaryn-ruhani-ndylytara/> (Айналыс мерзімі – 2017 жылғы 22 қыркүйек).

2 Бүтіншінов Ж.Т. Ұлттық сана мен ұлттық рух – ұлт жандылыққа тәрбиелеудің негізі. – Ақтөбе: Білім. – №4. – 2009. – Б. 56-57.

3 Әмірбеков Қ. Ұлттық нақыштағы кілемдер сыры. – Алматы: Мәдениет, 2012. – Б. 63–64.

4 Райымқұлова А.Д. Түксіз кілем тоқудың әдістемесі: әдістемелік құрал. – Алматы, 2007. – 152 б.

5 Керімбаева М.С. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі. – Астана, 2007.

6 Сыдықов М.Е. Жеткіншектердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық диагностикасы // Білім. – 2007. – Б.25-28.

7 Құрманбаева М. Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу // Бастауыш мектеп. – № 1. – 2005. // Кіру режимі: <http://freepapers.ru/16/zhoary-synyp-oushylaryn-ruhani-ndylytara/> (Айналыс мерзімі – 2017 жылғы 22 қыркүйек).

REFERENCES

1 Azak, tyn Ұлттық, k, yz ұзату көйлегінің моделін дайындауда, көйлекті әшекейлеудің сатыларын зеттеу // Кіру режимі: <http://freepapers.ru/16/zhoary-synyp-oushylaryn-ruhani-ndylytara/> (Айналыс мерзімі – 2017 жылғы 22 қыркүйек).

2 Бүтіншінов Ж.Т. Ұлттық сана мен ұлттық рух – ұлт жандылыққа тәрбиелеудің негізі. – Ақтөбе: Білім. – №4. – 2009. – Б. 56-57.

3 Әмірбеков Қ. Ұлттық нақыштағы кілемдер сыры. – Алматы: Мәдениет, 2012. – Б. 63–64.

4 Райымқұлова А.Д. Кілем тоқудың әдістемесі: әдістемелік құрал. – Алматы, 2007. – 152 б.

5 Керімбаева М.С. Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы мектептің рөлі. – Астана, 2007.

6 Сыдықов М.Е. Жеткіншектердің рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың педагогикалық диагностикасы // Білім. – 2007. – Б. 25-28.

7 Құрманбаева М. Тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу // Бастауыш мектеп. – № 1. – 2005. // Кіру режимі: <http://freepapers.ru/16/zhoary-synyp-oushylaryn-ruhani-ndylytara/> (Айналыс мерзімі – 2017 жылғы 22 қыркүйек).

РЕЗЮМЕ

К.А. Каримова

КГУ Детский дом «Үміт» (г. Экибастуз)

Ж.К. Даниярова, кандидат педагогических наук

Инновационный Евразийский университет (г. Павлодар)

Формирование духовно-поучительных ценностей учащихся посредством казахского традиционного текстильного искусства

В данной статье рассматриваются вопросы формирования духовных и моральных ценностей в обучении подрастающего поколения посредством текстильного искусства. За основу взяты идеи духовно-поучительного воспитания учащихся.

Ключевые слова: *духовные и нравственные ценности, воспитание подрастающего поколения, текстильное искусство, национальная культура.*

RESUME

K.A. Karimova

MI Children's Home "Umit" (Ekibastuz)

Zh.K. Daniyarova, *candidate of pedagogical Sciences*

Innovative University of Eurasia (Pavlodar)

Formation of spiritual and didactic values of students by means of Kazakh traditional textile art

The article deals with the formation of spiritual and moral values in the education of the younger generation through textile art. The ideas of the spiritual and didactic education of students are taken as a basis.

Key words: *spiritual and moral values, upbringing of the younger generation, textile art, national culture.*